

Павлодар облысының кейбір білім беру үйымдарына атау беру және атауларын өзгерту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 20 мамырдағы № 323 қаулысы.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 4-1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Павлодар облысының білім басқармасы Павлодар қаласы білім бөлімінің "Балалар музыка мектебі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына Құрмангазының есімі берілсін.

2. Мынадай білім беру үйымдарының атаулары өзгертілсін:

1) Павлодар облысының білім басқармасы Ақтөгай ауданы білім бөлімінің "Приреченск жалпы орта білім беру мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі – Павлодар облысының білім басқармасы Ақтөгай ауданы білім бөлімінің "Қаныш Сәтбаев атындағы жалпы орта білім беру мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2) Павлодар облысының білім басқармасы Ақтөгай ауданы білім бөлімінің "Агрономия жалпы орта білім беру мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі – Павлодар облысының білім басқармасы Ақтөгай ауданы білім бөлімінің "Талғат Бигелдинов атындағы жалпы орта білім беру мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

3) Павлодар облысының білім басқармасы Ақтөгай ауданы білім бөлімінің "Харьков жалпы орта білім беру мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі – Павлодар облысының білім басқармасы Ақтөгай ауданы білім бөлімінің "Ыбырай Алтынсарин атындағы жалпы орта білім беру мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Ә. Смайлов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК